

ТӘРТІПТІ ҚАДАҒАЛАУ – ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ішкі істер министрі Ержан Сәденовті қабылдады.

Мемлекет басшысына Қазақстандағы криминалға жағдай туралы баяндалды. Ержан Сәденовтің айтуынша, елімізде жасалатын қылмыстар санының төмендеу динамикасы сақталып отыр. Кісі өлтіру – 20 пайызға, ұрлық – 28 пайызға, қарақшылық 32 пайызға азайған. Тонау, бұзақылық, мал ұрлығы, денсаулыққа ауыр зиян келтіру фактілері, сондай-ақ басқа да қылмыс түрлері төмендеген.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа құқықбұзушылыққа мүлде төзбешілік қағидатын қалыптастыру, заңға қайшы әрекеттер мен қылмыс жасағаны үшін жазаның бұлтартпасығын іске асыру, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары туралы мәлімет берілді.

Бүгінде 8 млн 500 мың заңға қайшы әрекет анықталған. Бұл былтырмен салыстырғанда 1 миллионға көп. Жасалған құқықбұзушылықтар үшін 90 миллиард теңге көлемінде әкімшілік айыппұл салынды, 71 млрд теңге өндіріп алынды.

Сонымен қатар Президентке ішкі істер органдарының жұмысын жетілдіру, соның ішінде ІІО қызметкерлерін аттестациядан өткізіп, ведомствоны лайықсыз мамандардан тазарту шаралары туралы баяндалды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев «Заң және Тәртіп» қағидатын қамтамасыз ету жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

Мемлекет басшысы қоғамда әділдік пен тәртіп орнату үшін құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне үлкен жауапкершілік жүктелгенін айтты.

ЫҚПАЛДАСТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев SOVICO Group компаниясының басқарма төрағасы Нгуен Тхань Хунгті қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Нгуен Тхань Хунгке ілтипат білдіре отырып, өзінің биыл тамыз айында Вьетнамға жасаған ресми сапарын еске салды. Сапар барысында қол жеткізілген уағдаластықтар екіжақты ынтымақтастықты кеңейтуге және өзара тиімді кооперацияның жаңа бағыттарын ашуға тың серпін берді.

Президент SOVICO Group компаниясының инвестициялық қызметіне қажетті жағдай жасауға еліміздің дайын екенін жеткізді.

– Сіздің Қазақстандағы іскерлік белсенділігіңізді құптаймыз. Өзара ынтымақтастық орнататын салаларды айқындай алатынымызға сенімдімін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, аталған шаралар Қазақстан мен Вьетнам арасындағы іскерлік байланысты жандандыруға ықпал етеді.

Кездесу барысында ықпалдастықтың перспективті бағыттары, соның ішінде көлік-логистика, қаржы және тау-кен салаларындағы ынтымақтастық мәселелері қарастырылды.

БАСПАНА – БАСТЫ ТҮЙТКІЛ

Мәжілістің кешегі Жалпы отырысында көтерілген 5 мәселенің қай-қайсысы да маңызды деуге болады. Сол себептен де олар қызу талқылаудан өтті. Күн тәртібіндегі азаматтық қорғау, Франциямен арнайы келісімді және ЕАЭО мен ҰҚШҰ ұйымдарымен арадағы хаттамаларды ратификациялау мәселелерінің арасында тұрғын үй саясатын реформалау туралы заң жобасының шоқтығы биік тұрды.



«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы тұрғын үй қатынастары саласындағы заңнаманы жетілдіру және Отбасы банкі толыққанды даму институты ретінде қайта құру мақсатында әзірлеген екен. Соның ішінде тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларының тізбесін анықтау, тұрғын үйге мұқтажды өлшемшарттарын айқындау, тұрғын үйге мұқтаж адамдардың кезегін жүргізу тетігін жетілдіру, олардың жалға алу төлемдері бойын-

ша субсидияларды өндіріп алудан және оларға билік етуге шектеу қоюдан қорғауды заңнамалық тұрғыда бекіту, кондоминиум объектісін басқару органдарының қызметі жөніндегі нормаларды жетілдіру және тағы да басқа мәселелер қарастырылған. Құжатты бірінші оқылымда таныстырған баяндамашы Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаевқа қойылған сұрақтардың дені екінші оқылымға арналған қосымша ұсыныстар ретінде қабылданды деуге болады.

(Жалғасы 3-бетте)

«АДАЛ АДАМ» ПРИНЦИПІН НАСИХАТТАЙ БЕРУ КЕРЕК

Қазақстан қоғамы даму жолының жаңа кезеңіне аяқ басты. Бұл белес демократиялық құндылықтарға төл модель тұрғысынан қарау жаңашылдықтарын қамтиды. Әрине, мұның бәрі Президенттің бастамаларынан туындап отырғаны сөзсіз.



4
БЕТ

ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ ЖАРЫҚ ЖҮЛДЫЗЫ

Биыл қазақ мәдениетінің дамуына зор үлес қосқан тұлға Темірбек Жүргеновтің туғанына – 125 жыл. Осыған орай Ұлттық академиялық кітапханада «Темірбек Жүргенов – қазақ руханиятының жарық жұлдызы» атты дөңгелек үстел өтті.



8
БЕТ

Екінші бірі біле бермес, бірақ елімізде әлемдік ондыққа еркін кірген сала бар. Халықаралық ұйымдардың бағалауынша, органикалық өнім экспорты бойынша Қазақстан 123 елдің ішінде 9-орынға тұрақтады. Органикалық бидай экспорттаушы елдер арасында 4-орынға шықты. Ал Еуроодақта органикалық майлы зығыр тұқымын экспорттау жөнінен 6-орын алады. Енді осы салада селт еткізер бір жаңалық өмірге жолдама алмақ: Қазақстан гидропондық өндірісті «органикалық» деп атауға тыйым салады.



ORGANIC: ОЛ ЕНДІ «ТАЗА» ЕМЕС

Осыны қарастыратын «Органикалық өнім өндіру және оның айналымы туралы» және оған ілеспе заң жобаларын Мәжіліс мақұлдады. Бұл не үшін керек?

Агроном Болат Айтхожиннің түсіндіруінше, өсімдікті гидропондық әдіспен өсіру тәсілдерін адамзат байырғы замандардан бері қолданып келеді. Оның ең жарқын үлгісі – «әлемнің 7 кереметінің» бірі саналатын Семирамиданың салбыраған бақтары саналады.

Қызығы сол, гидропондық егіншілікте топырақ қолданылмайды. Мұнда топырақ алмастырғыштар, соның ішінде вермикулит, перлит, торф, кокос талшығы, минералды вата, құм, қиыршықтас пайдаланылуы мүмкін. Олардың бар міндеті – өсімдіктің тамырларын ұстап тұру ғана. Өсімдіктің өзі бай қоректендіруші заттарға толы суда өседі.

«Гидропондық егіншіліктің көп артықшылығы бар. Бұл тұрғыдан оны революциялық тәсіл деуге болады. Біріншіден, ол егін шаруашылығы өнімдерін жылдың кез келген уақытында және әлемнің кез келген жерінде өндіруге мүмкіндік береді.

6»

Сіз не дейсіз?

Ұлықбек ТҰМАШИНОВ,
Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі:

ӘЛЕУМЕТТІК ОСАЛ ТОПТАРДЫ ҚОЛДАУ КӨҢІЛДЕН ШЫҒАДЫ

Жуырда Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексін әзірлеу және азаматтарды қолдаудың барлық жүйесін қайта қарау туралы шешім қабылданды. Қосымша мемлекеттік көмек алуға құқығы бар қазақстандықтардың 10-нан астам санаты бар болса, еліміз бойынша 647 мыңға жуық азамат баспана кезегінде тұр. Санаттарға бөлетін болсақ, халықтың әлеуметтік осал топтары 430 мыңға жуық адамды құрайды. Одан бөлек, мемлекеттік қызметшілер бар, бюджеттік ұйымның жұмыскерлері және тұрғын үйі апатты деп танылған азаматтарымыз тағы бар. Жаңа заң жобасы жайында біз Мәжіліс депутаты Ұлықбек Тұмашиновпен қысқаша сұхбаттасқан едік.

(Жалғасы 2-бетте)



